

жабық түрде пайдалы қазбалар өндірілетін фабрикалар өте көп. Солардың арқасында төбемізден химиялық улы газдармен жасалған қара бұлттан айрылмайтын болдық. Сол поэмада жырлаған Көкшетауда бүгінгі күнде үлкен демалыс орындарының бірі. Әрине ол жақсы ғой. Көптеген туристер келеді, елімізді таниды. Дегенмен, біз табиғатты ойлауымыз керек. Табиғат аясында демалуға шыққанда қалған тамақтар мен қоқымдарды өзімізбен алып жүріп, келіп жатқан шетелдік қонақтарға да сондай өнегелі үлгі көрсетіп, экологияның дамуына жұмсалған жұдырықтай ат салысуымыз керек. Сонда ғана поэмада суреттелген ғажап көрініс мәңгілікке сол қалпы сақталып қалмақ.

Қазақ елі табиғатын сақтап, аң-құстарын атпаған, обал, сауап болады деген дүниелерді берік ұстанған дана халық. Айналасын ластамай, қоқыстарын тастамай көркем де қымбат, күллі әлем бойынша жер көлемі жағынан жетінші орынды иеленетін даласын әнге болсын, әңгімеге болсын ғажап теңдеулермен бір ауы сөз арқылы сипаттап сыйдырған халық. Осы мақаланы жазудағы көздеген мақсатым өз елінің дана ақыны жырлаған жырын, өз жерімнің жәннаты аймағын өзге, яғни әдебиет әлемінен тыс жүрген қазақ жастарына таныстырғым келді. Ал мақаланы жазу барысында түйгенім, ақын бұл поэманы жазғанда астарлы түрде табиғатты аялау, бағалау керектігін мензеген тәрізді. Жаратушымыз бізге сондай табиғат байлығын берді, сыйлады. Ендігі кезекте біз сол қазынамызды жоғалтып алмасқа әрекет жасау – жасамауымыз тек қана өзімізге байланысты деп білемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Экологияның рухани өрісі. Қ.Б.Бекішев. Қ.Д.Асанов. Қарағанды. Арко:2014 ж
2. Көкшетау: Жыр – дастандар. С. Сейфуллин. Құрастырған Т.Кәкішев. Алматы. Жазушы баспасы. 1994 жыл. 296 бет

М.МАҚАТАЕВТЫҢ ЛИРИКАЛЫҚ ӨЛЕҢДЕРІ

*Бекішев Қ.Б., б,з,к, профессор,
Нұрақбай Ә., студент,
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

«Әй, табиғат!
Шеберсің-ау, шеберсің.
Көрмегенді көрсетерсің, берерсің
Ұлан-ғайыр байлығыңды місе етпей
Ашкөзденген адамдарға не дерсің?
Айың анау, күнің анау, жер міне.
Ау, Адамдар
Жетпей жатыр енді не?!
Табиғатқа таласпаңдар, ағайын
Асырайды ол сені, мені, елді де» -

-деп жырлай келе Мұқағали әлемі – тазалықтың әлемі. Таза болатын себебі, ол үнемі жүрегінің түбіндегі, көкірек кенішінің тұнығындағы ойды айтты. Оны көркем сөзбен кестелеп жеткізді. «Айтып өткенақында арман барма, Жүрегінің түбінде кір жасырмай» деп өзі айтқандай жүрегіне жалғандық атауы болмаған. Мұқағали Мақатаев шығармашылығына түгелдей зер салып қарасам ашылмаған, айтылмаған сырлар көп екен. Мәселен, Мұқағали лирикасында табиғат анаға деген махаббат, оған деген қамқорлық пен жанашырлық сезімдері бірден байқалады. Атап айтсақ: «Тастағы гүл», «Туған жерім», «Жапанда жалғыз жас емен», «Ақ гүл», «Жас қайың», «Әй, табиғат», «Көктем», «Жер», «Мына дүние», «Тау бұлағы да ағады», «Шабындықта» тағы сол секілді көптеген ой қозғайтын өлеңдері өскелең ұрпақ тәрбиесінде алар орны ерекше.

Мұқағали жырының кеңістігі шексіз. Ақынның кіндік қаны тамған жерге Отанына деген махаббаты оның өлеңінен, болмысынан сезіледі. Мысалы: «Қазақстан» деген өлеңіндегі

«Қазақстан!
Пай, пай, пай

Ардағым-ай!

Сен менің шолпанымсың, жанған ұдай.

Өзіңде өмір сүрген қандай бақыт,

Өлмейтін махаббатым, арманым-ай.

-деген жолдар осы айтқанымыздың куәсі.

Адам баласының табиғат анамен арақатынасы әзірде шырғауы көп, шешімі жоқ мәселеге айналуда. Табиғи ортаны ластау мен бүлдірудің мөлшері сонау ХХ ғасырдан бері өз сұрағына жауап алар емес. Бұлардың қазіргі таңда салмақты мәселелерге айналу себебі адамдардың олақтығы мен жауапсыздығынан, ұқыпсыздығымен немқұрайлығының әсерінен орын алып жатқан мәселелер.

Ал, ауадағы түрлі химиялық газ, шақ, тозақ қосындылары мен радиациялық қауіпті сәлелердің араласуы да жер бетінде бұрын-соңды індетті дертке айналуда. Табиғат – дегеніміз кеңістікте, шексіз, тұрақсыз қозғалыста, өзгерісте, дамуда болатын бейорганикалық және органикалық дүние.

Табиғат!

Сенің есігіңді қағып тұрмын!

Өтті меннен

Бәрі де өтті меннен

Ұлыңмын тілеуіңді көп тілеген

Жер!

Менмін... Адаммын ғой...

Аясаңшы!

Күнде сенің арқанды тепкілеген.

Өзіңнің сәбиіңмін құндақталған

Түсіндім...

Сенсіз, Ана, күн жоқ маған.

Асылып жауыр қалған арқаңнан да,

Қойының әлдеқайда қымбат маған. деп адам мен табиғат егіз ұғым бір-бірін толықтыратын ғажап құбылыс екенін осы өлең жолдарынан анық айтылады.

Экология қазіргі дәуірде адамзатты толғандырып отырған аса маңызды проблемаға айналды. Табиғатты қоршаған ортаны жою арқылы бүкіл қоғамды, тіршілікті жойып жіберуге болатынын көптеген елдер түсіне бастады.

Ақын поэзиясы – лирикалық поэзия. Мұқағали өлеңдерінің қай-қайсысын оқысаңыз да, ой-сезімі қатар келген дауылды ақын деп таныймыз. Мұқағали экологиялық мәселелерді көп қозғап, сол шешімі қиын мәселелердің түйінін табу мақсатында аянбай тер төгіп өз тигізген Мұқағали табиғаты ерекше, талғамы бөлек. Оның көптеген өлеңдері табиғатпен астасады. Мысалғы:

«Жапырақ – жүрек, жас қайың,

Жанымды айырбастайын.

Сен адам бола бастасаң.

Мен қайың бола бастайын

Келісесің бе, жас қайың?

(Көрінер мүмкін, кімге ерсі)

Өміріңді маған бір берші!

Дүрбелең мына дүниені

Адам көзімен бір көрші.

Қайың боп мен де бағайын,

Орманнан орным табайын.

Беймәлім мына өмірге

Қайың көзімен қарайын.

Сен-дағы жерден нәр алдың,

Мен-дағы жерден нәр алдым.

Біреуден сен де жаралдың

Біреуден мен де жаралдым

Тілің жоқ, жанды қайың сен

Айырмашылығым – Адаммын».

Мұқағали өмір сүрген уақыт – ішкі қайшылықтары дендеген, адамдық қасиет Алланың атымен емес, адамдардың ара қатынасымен өлшеніп, бағаналар алмағайып дәуір еді. Сондықтан ақын басқаша, жаңаша өмір сүруді қалады. Ол өзінің айтпақ ойын табиғатпен тілдесе отырып жеткізді.

Ақын айтып отырған «дүрбелең дүние» жаңалық емес, дүние дүние болғалы жалғасып, өсіп өніп, дамып, жетіліп келе жатқан дүрбелең. Әлсізді әлді соғар, ақылдыны ақымақ басқарар, арлыны арсыз аяққа таптар зауалды шақтардың бәріне куә, бәріне себепкер адам біткен осы дүрбелеңді өзгертер не тындырады? Алған асуы, шыққан белесінің биігіне қуану мен арандаған апаны, қырына алған қырсығына күйінуден өзге бөтен не істеді?

Құлап жатып сүрінгенге күлетін сұмырайлар, жалаңбұт отырып жыртыққа күлетін жыртықайлар әулетін бағып-қағып, басынан сипап, өсіріп отырғандар да адамдар емес пе? Осынау ежелгі шындықты ақын қайың көзімен көрсем деп армандайды.

Қысқаша айтқанда, бұл өлең адам жаны мен табиғаттың байланысынан туып отыр. Кемеңгер ақын өзінің жанын табиғаттың тамаша көркі жас қайың жанымен ұштастырғандай.

Жалпы тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін түйіндей келе Мұқағали Мақатаевтың лирикалық жанрдағы өлеңдерінің экология ғылым саласымен ұштасып жатқанын дәлелі ретінде:

«Мына дүние әділдіктен жаралған,
Өз орнында жер де, күн де, тау, орман,
Бір-бірінен қуат алған, нәр алған
Мына дүние әділдіктен жаралған»

-деп жырлағандай Мұқағали табиғатты сүйе білген, өзін де өлеңдерін де табиғаттан бөлек айыру мүмкін емес. Табиғатқа деген құрмет әр өлеңінен көрініс табады. Әрбір адам осы ақиық ақын жанындай нәзік табиғатқа деген құрметі ерекше болғанында, қазіргі таңда туып отырған экологиялық мәселелер болмас па еді. Әр адам өзін және қоршаған ортасын құрметтеп, таза ұстап, салауатты өмір сатымен өмір сүрсе, табиғат анаға деген құрметі жоғары болып, әр жұтым суымыз, ауамыз үшін алғыс білдіріп қорғаса, қоршаған орта алдындағы жауапкершілігін сезіне білсе, нұр үстіне нұр болып, бүгінгі дүниеде айшықты болып отырған экологиялық апаттар болмас еді.

Ертеде қазақ халқы «Бір тал кессен он тал ек» деп бекер айтпаса керек. Сонау ерте замандағы ата-бабамыздың бізге қалдырған өсиетін қаншалықты орындап жүрміз, бір ағаштын өзі бір жылда 4-5 адамға татитын оттегімен қамтамасыз ететінін түсінген. Олай болса сол қағиданы ұстана келе «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші баріміз бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. М.Мақатаев «Мұқағали шығармашылығы» I том, Алматы 2006
2. М.Мақатаев «Жырлайды жүрек» Алматы 1989
3. «Мұқағали» Республикалық танымдық журналы
4. «Аңыз адам» Республикалық журналы
5. Ж.Б.Шілдебав «Қызықты экология» Алматы 2000
6. Қ.Б.Бекішев «Экологияның – рухани өрісі»

А.КҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯМЕН БАЙЛАНЫСЫ

*Бекішев Қ.Б., б.ғ.к, профессор,
Сукурлыкова А.К., студент,
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Бізді қоршаған орта: жан-жануарлар мен өсімдіктер, Жер мен Ай, Күн мен алыстағы жұлдыздар — осылардың барлығы да табиғат деген ауқымды ұғымды білдіреді.

Табиғат – дегеніміз мезгіл мен кеңістікте шексіз, тұрақты қозғалыста, өзгеруде, дамуда болатын бейорганикалық және органикалық дүние. Бұл адамзат қоғамының өмір сүруіне қажетті әлемдегі бүкіл материалдық, энергетикалық, информациялық және әртүрлі табиғи құбылыстардың жиынтығы. Адам шаруашылық қарекетінде табиғатпен байланысты, оған тікелей немесе аралық әсерін тигізеді.

Табиғат – адамзат қоғамы мен бүгінгі және келешек ұрпақтың материалдық, мәдени және рухани